



Цикл уроков: Ораза қабыл болсын

Мадияр Пірімқұлов: Уағыз

[БЕЙНЕ НҰСҚА](#) | [АУДИО НҰСҚА](#)

Аса қамқор, ерекге Мейірімді Алланың атымен бастаймын. Бүгінгі біздердің қозғайтын тақырыбымыз: «Зекет беру – парыз». Жалпы, Пайғамбарымыздың қасиетті хадистерінде былай делінген:

«Ислам 5 парыздан құралған. Соның біреуі кәлимә келтіру болса, екіншісі намаз оқу және үшіншісі зекет беру. Төртіншісі ораза ұстау, бесіншісі қажылық».

Демек, бес ұстанымның біреуі зекет болса, зекеттің маңыздылығының өте жоғары екендігін білдіреді.

Дінімізде Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда зекетті намазбен бірге отыз жерде баяндайды. Сондықтан Қасиетті Құранда намаз жайында 30 аят келген болса, дініміздің асыл құлшылықтарының бірі – намаз. Ал енді сол намаздың қасына зекет беру айтылған болса, зекеттің де маңыздылығы өте жоғары екендігін білдіреді.

Зекеттің тілдік мағынасы «көбею, өсу, тазару, мақтау және берекет» деген мағынаны біліреді. Ал енді терминдік мағынасы, дінімізде қандай да бір адамның байлығы нисаб мөлшеріне толатын болса, сол шарифаттың белгілеп көрсетіп берген нисаб мөлшерін Аллаһ жолында зекет етіп шығару болып табылады. Сондықтан, бұл зекет дінімізде орындалуы парыз болған амалдардың бірі болып табылады.

Олай болса, зекетті біз қалай береміз? Егер зекетті ақшалай беретін болса, ақшалай 85 грамм алтынның сатып алатындай немесе 85 грамм алтын мөлшерінде ақшасы құралатын болса,

адам соның зекетін береді. Қазіргі таңда, ол күнделікті алтынның валюта мөлшерімен есептеледі. Бүгінгі таңдағы алтынның мөлшерімен есептеген кезде, кімнің ақшасы 1 180 000-нан жоғары көрсеткіште болса және ол бір жыл сақталған болса, ол әлгі зекетті шығарып айналасындағы кедей-кепшіктерге беру парызы болып саналады. Ал екіншісі ол – 585 грамм күміс. Үшіншісі – түйеден бес түйе болатын болса, ол зекет береді. Ал егер 30 қара мал болатын болса, одан зекеті шығарылады. Ал ұсақ малдан, қой-ешкіден 40 болатын болса, сол малдың бірін шығарып, Аллаһ жолында зекетке беру парызы болып табылады. Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда:

«Олар қолдарындағы мал-мүліктерді қайырымдылық тілеген пақырлар мен кедейлердің садақадан мақрұм қалған кедейлердің де ақысы бар екендігін ұмытпағай».

Яғни Аллаһ Тағаланың адам баласына берген мал-мүлкінде, дүниесінде кедейдің ақысы бар екендігін ұмытпауымыз керек. Сондықтан, адам баласына қандай да бір дүние берілетін болса, ол тәкәппарлықты ысырып қойып, әлгі берілген малының арасында кедей-кепшіктің ақысының бар екендігін сезіну керек. Абай атамыз айтады:

«Адам ғапыл дүниені дер менікі,

Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі», дейді.

Ғапыл дегендігі адамның білімсіздігін, сол Алланың берген мал-мүлкі тек қана жинаушы адамдыкі ғана емес, әлгі жинаушы адамға, байып жатқан пендеге Алланың беріп жатқан дүниесі екендігін білдіруде. Міне, сондықтан Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда Өзінің берген мал-мүлкінің ішінде кедей-кепшіктің ақысы бар екендігін ұмытпау керек екендігімізді есімізге салып жатыр. Пайғамбарымыз ﷺ өзінің бір керемет хадисінде:

«Алланың зекетін бергенде, кедейдің малындағы ақысын төлеген боласын», деген екен.

Яғни, адам баласы өзінің малын шығарып, біреуге беріп жатқан кезде, өзінің малының ішіндегі кедейдің ақысын беріп жатқандығын баса айтуда.

Сондықтан, зекет адам баласының малының ішіндегі кірін тазартып, өзінің малын адалдап алу. Мысалы, біреудің малын адам баласы зорлықпенен тартып алып, ұрлап алып, біреудің малын жейтін болса, ол оған арам болып табылады. Дәл сол секілді, егер Аллаһ Тағала бір пендеге байлық берген болатын болса, бірақ сол байлықтың зекетін бермей, тәкәппарланып, «Өз еңбегіммен тапқан байлықты мен не үшін беремін?» деген ой болатын болса, оның малының ішіндегі кедейдің ақысын шығармау себепті, оған ол жинап жатқан малы харам болып есептеледі.

Сондықтан, адам адам болғалы, қоғам болып өмір сүргелі адам баласының қоғамында кедей мен байдың болатындығы сөзсіз. Кедейлер өшпенділікпен байлардың малына қарайды, «Неге біз осылар секілді бай болмадық?» деген секілді ойлары боулы мүмкін. Ал енді бермегеннен кейін, ол байға деген өшпенділігі пайда болады. Сондықтан, Пайғамбарымыз ﷺ адамды жолдан тайдыратын байлықпенен, кеселді болған кедейліктен дұға жасаған:

«Я Алла, Өзіннен осы нәрседен сыйынамын», деп.

Сондықтан, құрметті жақсылар, Аллаһ Тағаланың адам баласына берген дүниесі, шариғатымыздың бір парызы, егер мал нисапқа толатын болса, әлгі зекетті шығарып, шариғат мөлшерінде есептеп, Аллаһ жолында беруі керек екен. Еліміздегі қаншама байлардың өзінің қаражатының, тиын-тебеніне дейін есептеп, айналасындағы кедей-кепшікке беретін болса, ол әлгі кедей-кепшік пен байдың арасында бір-біріне деген махаббат, жақсы қарым-қатынас орнайды. Шариғаттың негізгі мақсаты – қоғамда деген бейбітшілік, бір-біріне деген сүйіспеншілік орнату. Егер бай адам айналасындағы кедей-кепшікке жомарттығымен беретін болса, айналасындағылар міндетті түрде оған жақсы қарым-қатынаспенен қарайды, оны жақсы көреді, оған деген ілтипаты, жақсы көз қарасы мүлдем басқаша болады.

Пайғамбарымыз ﷺ өзінің тағы бір керемет хадисінде:

«Таң атқан кезде адам баласына екі періште түседі. Екі періштенің біреуі: «Я Раббым, осы құлын Өзіннің берген рызық-несібеннен Аллаһ жолында шығаратын болса, ол Аллаһ жолындағы шығарғандығы үшін, шығарған малының орнын толтыра гөр». Ал екінші періште: «Я Раббым, сенің рызық-несібен ретінде берілген дүниеден шығармағанды шығынға шығара гөр», дейді.

Міне, сондықтан, құрметті жақсылар, Аллаһ Тағаланың сіздер мен біздерге берген дүниесін айналымыздағы адамдарға шариғатымыздың негізі болған зекетін тарататын болсақ, қоғамымызда да бейбітшілік орнап, адамдар арасында бір-біріне деген сүйіспеншілігі, махаббаты болады екен.

Сондықтан, осындай дүние біткен байларымызға, азаматтарымызға Аллаһ Тағала айналасында жүрген кедейлерге көмектесетін пендеден болуды нәсіп етсін. Назарларыңызға рахмет!

© Авторские права на статьи и осуществленные переводы статей из других источников принадлежат сайту Azan.kz.

Убедительная просьба к лицам, производящим копирование и распространение в социальных сетях и иных сайтах любых материалов ресурса Azan.kz, в обязательном порядке указывать активную ссылку на источник.